ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ
WORKFORCE DEVELOPMENT CENTRE

SKILLS enbek

# SKILLS.ENBEK.KZ ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЛАТФОРМАСЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕУ ҮШІН АВТОРДЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ



# АВТОР РЕТІНДЕ ТІРКЕЛУ

1. **https://skills.enbek.kz/** веб-мекенжайды енгізіңіз
2. Платформаның жоғарғы мәзіріндегі **«Авторларға арналған»** парақшасына өтіп, **«Автор болыңыз»** түймесін басыңыз



# АВТОР РЕТІНДЕ ТІРКЕЛУ

3 Браузерде келесі ақпаратты қамтитын тіркеу деректерін енгізу терезесі пайда болады. Тіркеуге міндетті барлық өрістерді толтырғаннан кейін **«Тіркелу»** түймесін басу керек. Егер сізде бұрын тіркелген есептік жазбаңыз болса, электрондық пошта мен құпиясөз арқылы кіре аласыз



# ТІРКЕУДІ РАСТАУ

4 Сәтті тіркелгеннен кейін көрсетілген электрондық мекенжайға автор ретінде **тіркелгенін растау хаты** келеді, электрондық мекенжайды растау үшін хатта көрсетілген сілтеме бойынша өту қажет



# ПЛАТФОРМАҒА КІРУ

5 Платформаға кіру үшін платформаның басты бетіндегі **«Кіру»** түймесін басу керек, содан кейін пайда болған терезеде **«Курстар авторы»** рөлін таңдап, тіркеу кезінде көрсетілген логин мен парольді енгізу керек



# ТОП-100 сұранысқа ие кәсіп

6 Платформаның басты бетінде электрондық еңбек биржасының мәліметтері бойынша **«Сұранысқа ие Топ-100 кәсіп»** түймесі да бар, онда платформаның авторларымен курстардың басым тақырыптарын анықтау үшін еңбек нарығындағы сұранысқа ие бос орындар мен орташа жалақы көрсетілген



# ПРОФИЛЬДІ ТОЛТЫРУ

7 Авторларды сәтті авторландырғаннан кейін **«Жеке ақпарат», «Ұйым туралы мәліметтер»** бөлімдерінен тұратын профиль парағы көрсетіледі, онда сізге міндетті өрістерді толтыру қажет



# ПРОФИЛЬДІ ТОЛТЫРУ

8 Сәтті авторизациядан кейін авторлар үшін **«Төлем туралы ақпарат»** қамтитын профиль парақшасы көрсетіледі

9 Ақылы курстар бойынша төлем және Авторларға оқу ақысын төлеу Kassa24.kz. төлем жүйесі арқылы ғана жүргізіледі. Төлем жүйесін пайдалану жөніндегі нұсқаулықты **«Нұсқаулық»** түймесін басу арқылы зерделеуге немесе берілген телефон нөмірлері бойынша менеджерлерге жүгінуге болады. Тіркелгеннен кейін Kassa24.kz осы бөлімде логин мен парольді енгізу қажет



# АВТОРДЫҢ ЖЕКЕ КАБИНЕТІ

10 Автордың жеке кабинетінде сіздің курстарыңыздың **статистикасы** және платформада жұмыс істеу бойынша барлық қажетті бөлімдер бар. Платформада курс құру үшін сіз **«Курстар»** бөліміне өтуіңіз керек.



# «КУРСТАР» БӨЛІМІ

11 Бұл бөлімде әр түрлі мәртебелер бойынша **сұрыптау** мүмкіндігі бар барлық курстар көрсетіледі. Жаңа курс жасау үшін **«Курсты құру»** батырмасын басу қажет.



# КУРСТЫ ҚҰРУ

12 Курстың атауын енгізіңіз, кәсіптік саланың, кәсіптің және дағдылардың тиісті өрістерін толтырыңыз, курс типін және ұнаған сертификат үлгісін таңдаңыз. Курсты құру үшін **«Курсты құру»** түймесін басыңыз

13 Осы курстың сипаттамасының тиісті өрістеріне ақпарат қосыңыз, мақсатты аудиторияны таңдаңыз және курста оқитын құралдарды толтырыңыз. Енгізілген өзгерістерді сақтау үшін **«Сақтау»** батырмасын басыңыз






# МОДУЛЬ НЕМЕСЕ САБАҚ ҚҰРУ

14 Модульді немесе сабақты қосу үшін **«Сабақтар»** бөліміне өтіңіз. Тиісті **«Сабақты қосу»,** **«Модульді қосу»** батырмаларын басыңыз

15 Курсты жобалау бойынша толық ақпарат **«Көмек»** бөлімінде және https://skills.enbek.kz/v2/pdf/mr_kk.pdf сілтеме бойынша берілген әдістемелік ұсынымдарда қолжетімді



# САБАҚ ҚОСУ

16 Осы сабақтың атауын толтырыңыз, сабақтың **ұзақтығын** көрсетіңіз, сабақ **түрін** таңдаңыз

17 Теория туралы ақпаратты енгізіп, бейнелер мен сабақ материалдарына қажетті сілтемелерді көрсетіңіз. Енгізілген өзгерістерді сақтау үшін **«Сабақты қосу»** батырмасын басыңыз

18 Платформамен жұмыс бойынша негізгі ақпарат көрсетілген **«Көмек»** бөлімі бар

19 Курсты жобалау бойынша толық ақпарат **«Көмек»** бөлімінде және https://skills.enbek.kz/v2/pdf/mr_kk.pdf сілтеме бойынша берілген әдістемелік ұсынымдарда қолжетімді



# МОДУЛЬДЕРДІ/САБАҚТАРДЫ РЕДАКЦИЯЛАУ

20 Қосылған модульдер мен сабақтарды редакциялау мүмкіндігі бар. Ол үшін модульдегі **«Сабақты қосу»** немесе **«Редакциялау», «Жою»** тиісті батырмаларын басу қажет



# ҚОРЫТЫНДЫ ТЕСТІЛЕУДІ ҚОСУ

21 Курсты платформада жариялау үшін қорытынды тестілеудің болуы міндетті. Қорытынды тестілеу сұрақтарын жауап нұсқаларымен қосыңыз және тестілеудің ұзақтығын көрсетіңіз. Деректерді сақтау үшін **«Сақтау»** түймесін басыңыз



# КУРСТЫ АЛДЫН АЛА ҚАРАУ

22 Курстың сипаттамасын толтырып, барлық сабақтар мен қорытынды тестілеуді қосқаннан кейін, **«Алдын ала қарау»** түймесін басу арқылы курстың көрінісін алдын-ала қарау мүмкіндігі бар

23 Егер сіз курсты модерацияға жіберуге дайын болсаңыз, **«Жариялау»** түймесін басыңыз



# КУРСТЫ ЖАРИЯЛАУ

24 Жариялау алдында курс модераторға тексеруге жіберіледі және **сәтті тексеруден** кейін ғана жарияланады

25 Егер курс жүктеуге келісілген болса, онда жүйе автоматты түрде **Келісімді** қалыптастырады, автор **«Қол қойылуда»** бөліміне өтіп, қажетті курсты таңдауыңыз керек. Келісіммен танысқаннан кейін және жеке кабинетте мақұлданғаннан/қол қойылғаннан кейін курс платформада жарияланады

26 Егер тексеру жүргізу нәтижесінде қандай да бір ескертулер туындаған жағдайда, Авторға хабарлама жіберіліп, курс **«Қабылданбаған курстар»** бөліміне ауыстырылады.



ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ
WORKFORCE DEVELOPMENT CENTRE

SKILLS enbek

Авторлар курстарды платформаның төменгі бетінде жариялау мәселелері бойынша «Хабарлама жіберу» немесе «WhatsApp чатына жазу» мүмкіндігіне ие.

Сонымен қатар, авторлар үшін «Көмек» бөлімінде әдістемелік нұсқаулықтар бар



## Қиындықтар туындады ма?

Бізге техникалық қолдау қызметіне хабарласыңыз, солай біз мәселеңізді шеше аламыз

Чатқа жазу

Хабарлама жазу